This article describes the features of the network literature. The goal of this article is to analyze literary aspects of the network literature and to identify the features of practical implementation in the poetry of Samrat Irzhasov. The text gives valuable information about the specific features of network literature – the influence of post-modernism worldview, interactivity of artistic text, anonymity of author. Much attention is given the thematic level of poetry texts of Samrat Irzhasov.

Key words: network literature, network poetry, literature of Kazakhstan.

УДК 159.9 :[37.025.7 : 070]

Ташетов, А.А.

PhD докторы, психология және дефектология кафедрасының қауымдастырылған профессоры
Отынбай, Д.О.

педагогика және психология факультетінің
2 курс магистранты,
Ө.Сұлтанғазин атындағы ҚМПУ,
Қостанай, Қазақстан.

МЕДИА-БІЛІМ ОҚЫТУДЫҢ ONLINE ЖҮЙЕСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ МЕДИАМӘДЕНИЕТІ МЕН МЕДИАҚАУІСІЗДІГІН ДАМЫТУДЫҢ ШАРТЫ РЕТИНДЕ

Түйін

Медиа-білім оқытуудың online жүйесінде студенттердің медиа-мәдениеті мен медиа-қауісіздігін дамыту шарттарының бірі ретінде қарастырылады (Қазандагы экономика, басқару және құқық Институтының тәжірибелі улгісінде), оқытуудың online жүйесінде студенттердің медиа-мәдениеті мен медиа-қауісіздігін дамыту мәселелерін теориялық және практикалық тұрғыда шешу мүмкіндіктері атап өтіледі.

Кітт сөздер: медиа-білім, медиа-мәдениет, медиа-сауаттылық, медиа-қауісіздік, қашықтықтан оқыту, online оқыту.

1 Кіріспе

Қазіргі жаһандану заманында ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуының нәтижесінде әлемде ақпараттық сауаттылық, ақпараттық мәдениет, медиамәдениет сияқты ұғымдар пайда болды. Бұл ұғымдар медиабілімді жүзеге асыру арқылы ғылыми айналымға ендірілді. Қазіргі таңда медиабілімнің басты мақсаты – өскелен ұрпақты қазіргі ақпараттық заманың жағдайында өмір сүруге, әртүрлі ақпараттарды қабылдай және түсіне білуге дайындау деп тұжырымдауға болады. Демек, медиабілім бұл жастар мен жасөспірімдерге медианың мүмкіндіктерін дұрыс пайдалануды үйретуді мақсат ететін педагогиканың ерекше бағыты болып табылады. Медиабілім негізінде тұлғаның ақпаратпен мәдени қарым-қатынас орната алу қабілеті мен медиамәтінді талдау іскерлігі қалыптасады. Сонымен қатар өскелен ұрпақ ақпаратты тек қана қабылдан немесе оны тұтынушысы ғана емес, ақпаратты белсенді түрде жасаушы болып есептеледі.

Қазіргі таңда медианы өскелен ұрпақтың әлеуметтенуінің негізгі факторларының бірі болып табылуда. Шындығында қазіргі медианың әртүрлі құралдарының заманауи өмірдің мәні жоқ: БАҚ, теледидар, ғаламтор, ұялы телефон. Ресейлік және шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде байқалғандай, қазіргі жасөспірім бос уақытын алдағы уақытта оның қоршаған адамдармен қарым-қатынас жасау, серіктестермен іскерлік қатынасхаттар, келіссөздер жүргізу қабілетіне көрі әсерін тигізетін медиа құралдарының тікелей ықпалымен өткізеді екен.

Бұл күндері бұқаралық коммуникация құралдары қоғам мен жеке адам өмірінің барлық салаларына еніп үлгерген. Құллі мәдени кеңістікті жаулай отырып, медиа тек қана жетістіктің механизмі болуды тоқтатып, заманауи мәдениеттің негізгі құралына айналған. Осылайша, заманауи қоғамда болып жатқан үрдістер нәтижесінде, мәдениеттің ерекше формасы – медиа-мәдениет қалыптасты [1].

Осының нәтижесінде педагогикалық ғылымда медиа-білім атты жаңа бағыт пайда болды. Медиа-білімнің нақты бір адамның игілігі болуы үшін медиа-мәдениеттің мазмұны таралатын каналы бар.

2 Материалдар мен әдістер

Медианың адам өміріне, әсіресе жастардың өміріне ықпал етуі күннен-күнге артып келеді. Ал бұл жағдай бүгінгі күні білім беру жүйесі алдына жаңа міндеттер қойып, жаңашыл техникалық құралдарды пайдалану және олармен жұмыс істей алуын талап етеді, сонымен қатар тұтынушының белгілі дәрежедегі сын түрғысынан ойлауды (медиақаратты, медиамәтіндерді түсіне білу), әқпараттық материалды іздеумен, өндеумен және ұсынумен байланысты жеке шығармашылық жұмыспен айналысу дағдыларын және ойлау қабілетін қажет етеді.

Сонымен қатар, педагогика және психология ғылымы мен тәжірибеде жаңашыл медиалардың білім беруді ұйымдастырудағы мүмкіндіктері, олардың дидактикалық және тәрбиелік әлеуеті жеткілікті түрде пайдаланылып отырған жоқ. Бұл әлемдегі орын алып отырған әлеуметтік өзгерістер мен ақпарат тасқыны түрлі медиаресурстарды пайдалану контекстінде дәстүрлі түрде қалыптасқан жүйелерді, оқыту әдістері мен технологияларын қайта қарастыруды талап етіп отыр.

3, 4 Нәтижелер мен талқылау

Отандық және шетелдік ғалымдардың жұмыстарына сүйене келе, біз «медиа-мәдениет» ұғымының өз мәнін ұдайы кеңейтіп, барлық жаңа әлеуметтік, моральдік, психологиялық, эстетикалық және интеллектуалдық құрамдастарды қамтитындығын көре аламыз.

Сондай-ақ, барша зерттеушілер медиа-мәдениеттің адам тұлғасының дамуына ықпал ету потенциалын да мойындейды. Айта кететіні, бұл ықпал жан-жақты сипатпен өзгешеленеді: медиа-мәдениет интеллектке, эмоцияларға әсер ете алады, дүниетанымның, өздігінен шығармашылық және критикалық ойлаудың, эстетикалық әртүрлі аспектілерінің (эстетикалық қабылдаудың, көркемдік анализ дағдыларының) дамуына ықпал ете алады.

Сонымен қатар, заманауи білім беруде тұлғаның медиа-қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі тамырын теренге жайған. Балаларды олардың денсаулығы мен дамуына зиян тигізетін ақпараттан қорғау яғни, өскелең ұрпақтың медиа-қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында елімізде көптеген жұмыстар жүргізілуде.

Соңғы жылдары екінші жоғары білім алуға немесе қолда бар орта арнаулы білім неғізінде өз білім деңгейін көтеруге ниетті студенттер арасында қашықтықтан оқыту формасы, яғни online оқыту аса бір танымалдылыққа ие. Аталған форма бойынша оқыту процесін ұйымдастыру ерекшеліктеріне қарай, студенттер оқудың толық мерзімі бойы (2 жылдан 3 жылға дейін) медиа құралдарының тікелей ықпалында болады.

Сөйтіп, зерттеу мәселесі келесідей: медиа-мәдениеттің мәні мен арнаулы ерекшеліктері және online оқыту жүйесінде студенттерге оның тиімді дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін педагогикалық технологиялар неден тұрады?

Жоғары оку орынының білім беру жүйесіндегі медиа-мәдениет пен медиа-қауіпсіздік-тің даму мәселелері әртүрлі ресейлік зерттеушілермен менгерілген. Олардың ішінде Федоров, В.А. Минкина, Л.К. Шиян ерекше танымалдылыққа ие. Студенттердің медиа-мәдениетін дамытуға арналған кіріктірілген жолды қолдануды В.А. Минкина ұсынады. Оның ойынша, медиа-білім міндеттерін оқытудың барлық мерзімі бойындағы әртүрлі пәндерді менгеруге қосу керек. Алайда бұл ретте медиа-білімнің мақсатын студенттерді танымдық іс-әрекеттің жаңа білімді саналы және жүйелі іздеуге бағытталған тәсілдеріне оқытуда ғана көреді. Кейбір зерттеушілер (Л.К. Шиян, Е.А. Медведева, Л.А. Нагорная секілді) ЖОО-дағы медиа-мәдениетті дамыту үшін арнайы оқу пәндерін пайдалануды ұсынады, алайда олар ұсынған курстар студенттердің медиа-білімге, медиа-мәдениет пен медиа-қауіпсіздікке дайындау мәселелерін шеше алмайды.

Бұдан өзге тәсілдемені ЖОО-дық оқыту үрдісінде А.В. Федоров ұсынуда. Ол әзірлеңген курс медиа-білімнің мәселесін, негізінен, біздің ойымызша, жас өскелең ұрпақтың заманауи ақпаратты жағдайлардағы өмірге толыққанды дайындықты қамтамасыз ете алмайтын, медиа-білімнің ақырғы нәтижесі және тұлғаның медиа-мәдениеті мен медиа-қауіпсіздігі жайлы түсінік бермейтін экрандық өнер негізінде қарастырады [2].

Осылайша, студенттердің, тіпті қашықтықтан оқыту (online) жүйесінде медиа-мәдениетін дамытуға арналған әртүрлі педагогикалық технологияларды қолдану мәселесін то-лыққанды зерттеуге арналған жұмыстарды анықтай алған жоқпыш. Қашықтықтан оқыту (online) жүйесінде студенттердің медиа-мәдениетін дамытуға арналған әртүрлі педагогикалық технологияларды дайындау және қолдану мәселелерінің күйінің анализі әлі күнге зерттеушілер тарарапынан арнайы игерілген жоқ. Ал бұл жайт берілген зерттеудің ғылыми-әдістемелік деңгейдегі өзектілігін айфақтайды.

Аталған мәселені менгеру барысында қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайда бұрын-соңды болмағандай адам өмірінде, әсіресе өскелен үрпақтың өмірінде медиа-мәдениет пен медиа-қауіпсіздіктің ролі мен маңызы жоғары деген тұжырым жасадық, себебі соңғы аталған жас категориясында (дегенмен, жалпы аудиторияның басым көпшілігінде) медиа-мәтіндердің көптеген факторлармен анықталады, атап айтқанда: мәдениеттің терапиялық, эстетикалық, танымдық, ақпараттық, коммуникативтік, адамгершілік, әлеуметтік және басқа да функцияларының қолданылуымен; ойын-сауық жанrlарға сүйенумен; стандартталумен, сенсациялықпен, гипнотизммен, қауымның ниетін ойлап табумен. Еліміздегі медиа-білімнің, медиа-мәдениет пен медиа-сауаттылықтың даму мәселелерін менгеру кезінде біз өскелен үрпақтың ақпараттық қоғам дәүіріндегі өмірге мектепке дейінгі, мектеп және жоғары білім беру контекстінде дайындықта жеткілікті назар аударылып жатқан жоқ. Орын алған жағдайды түсіндіретін бірқатар себептерді атап көрсетуге болады. Бұл медиа-білімнің мазмұны мен міндеттерін анықтаудағы келіспеушіліктер, мәселені шешуге деген техникалық тәсілдеменің басымдығы, берілген мәселені шешудегі әдістемелік қамсыздықтың болмауы, сонымен қатар көптеген педагогтардың іс-әрекеттің барлық салаларындағы медиа құралдарының әсеріне бағынған заманауи қоғамның жаңа шыңдықты қабылдауға және медиа-білімнің идеяларын менгеруге мүлдем дайын болмауы. Жағдай тәрбиешілер мен мұғалімдердің білім беру мекемелерінде медиа-білімнің міндеттерін жүзеге асыруға даярлығының жүйесінің болмауы мен күшеттіле түседі.

Сөйтіп, медиа әлемі әрбір заманауи адамның өміріне терең енген, ал оқушылар мен студенттер (әсіресе қашықтықтан оқыту технологияларын қолданып оқытын студенттер) оны белсенді қолданушылары болып табылады. Сондай-ақ бұл күндері өскелен үрпақтың өмірінде медиа маңызды роль ойнап, келесідей қызметтері атқарады: бұл жаңалықтар, алуан-түрлі танымдық ақпарат, білім беру, демалыс, ойын-сауық, қарым-қатынас. Қазіргі таңда оқыту үрдісін әлемде болып жатқан өзгерістерді есепке ала отырып үйимдастыру қажет.

Тағы да бір айта кететін жайт, медиа-мәдениет соңғы жылдар ішінде әдебиеттің, музыканың, бейнелеу өнерінің, театрдың қырларын шебер сіңіріп қана қоймай, көп жағдайларда өнердің бұл түрлерінен ғөрі етудің едәуір кең спектрін қолдана бастады.

Қазіргі таңда елімізде бұл мәселеде қолға алынып жатыр. Қазақстан Республикасының нормативті және құқықтық құжаттарында оқушылар мен білім алушылардың ақпараттық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған арнайы құжаттар болмағанымен, білім алушылардың ақпараттық технологияларға кол жетімділіктерін қамтамасыз етуге бағытталған құжаттарды кездестіруге болады. Атап айтқанда, ҚР «Білім туралы заңында» ақпараттық сауаттылық пен ақпараттық мәдениетке қатысты қашықтықтан оқыту, білім беру жүйесін басқару органдарын ақпараттық қамтамасыз ету, білім беру жүйесін басқару мекемелерін ақпараттық қамтамасыз етуге байланысты мәселелер ескерілген және Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы стратегиялық маңызы бар құжаттың бірі ҚР Білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында да аталған мәселелер қарастырылған [3]. Оның мақсаты білім беру үрдісінің барлық қатысуышыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету. 2015 жылы – білім беру ұйымдарының 50 %-ында, 2020 жылы – олардың 90 %-ында электронды оқыту жүйесі қолданылатын болады. Тиісінше 2010-2015 жылдарына электронды оқыту жүйесі тұжырымдамасының қөздейтіні білім беру ұйымдарының технологиялық инфрақұрылымын дамыту; оку үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдануды дамыту; сандық білім ре-

сурстарын дамыту; ұйымдастыруышылық қамтамасыз ету және электрондық оқыту жүйесін пайдаланушыларды даярлау.

Жастар мен жасөспірмдердің медиасауаттылығын қалыптастырудың үлкен жауапкершілік ең алдымен мұғалімдер мен оқытушы-профессорларға жүктеледі. Қазақстан республикасының жоғары педагогикалық білім берудегі реформасы жоғары оқу орындарында өздіктегінен ойлай білетін, мақсат қоюға қабілетті, педагогикалық жағдайларды шеше алатын, оқутәрбие үрдісін жоспарлай және оны жүзеге асыра алатын, өзінің қызметін қадағалай және бағалай алатын мұғалімдер дайындауга бет бұруды көздейді. Соған сәйкес қазіргі кезде жоғары білімді педагогикалық білімі бар мамандарға деген талаптар және олардың алдына қоятын міндеттер де күрделене түсті. Заман талаптарына ілесе алатын маман – бұл жаңаша ойлайтын және жаңалыққа жақын, жаны рухани бай, шығармашылық тұлға. Өйткені, бүгінгі күні білім беру мен тәрбие жұмысында қызметін шығармашылыққа бейімдайтін, үнемі ізденісте жүретін мамандардың мәртебесі жоғары болып отыр.

Осы орайда атап өтсек Л.Н. Гумелов атындағы ЕҮУ-нің профессоры Сейітқазы П.Б «Педагогикалық білім» бағыты бойынша магистрлардың оқу жоспарына магистрлардың критикалық ойлаудың дамуына бағытталған «Медиабілім теориялары мен мәдениет», «Медиа-білім мен медиа-мәдениет негіздері» атты курс сәтті енгізілуде [4].

5 Қорытынды

Қорытындылай келе біздің көзқарасымыз бойынша, білім және тәрбие беру үрдістерінде мұндай арнайы курсарды енгізу бім алушылардың медиа-мәдениет пен медиа-қауіпсіздікті оқу, кәсіби және ойын-сауық мақсаттарында тиімді пайдалану дағдыларына үйретуге септігін тигізіп, адамның танымын БАҚ-тың кері әсер етуінен қорғау мәселесін шеше алады.

Осылайша, медиа құралдары, адам тұлғасының даму мүмкіндіктерінің кең спектріне, оның эмоциялық және интеллектуалды сферасына ие бола отырып, шығармашылық, жиі сынни ойлаудың, біздің қоршаған ортаның шығармашылық қабылдауы мен талдауына игі ықпал етеді, дәстүрлі пәндерді менгеру барысында алынған білімдерді белсенді қылуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сейітқазы П.Б. Болашак мұғалімдерді БАҚ арқылы тәрбие үрдісіне дайындау. Монография, – Астана, 2009 ж.
- 2 Федоров А.В. Медиаобразование и медиа грамотность. – Таганрог: Изд-во Кучма, 2004.
- 3 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы (7.12.2010 ж.) [Электрондық ресурс]. Қолдану режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001118>.
- 4 Сейітқазы П.Б. Медиабілім берудің әдістемесі. Оқ құралы. – Астана, 2014 ж.

Материал редакцияга тусты: 27.09.2019

ТАШЕТОВ, А.А., ОТЫНБАЙ, Д.О.

МЕДИАОБРАЗОВАНИЕ КАК УСЛОВИЕ РАЗВИТИЯ МЕДИАКУЛЬТУРЫ И МЕДИАБЕЗОПАСНОСТИ СТУДЕНТОВ В СИСТЕМЕ ONLINE ОБУЧЕНИЯ

Статья посвящена раскрытию особенностей и причин негативного влияния гаджетов на психическое развитие ребенка. Автором проанализированы факторы, детерминирующие течение личностной деструктивности в развитии ребенка.

Ключевые слова: гаджеты, интернет-зависимость, деформации личностного развития ребенка.

TASHETOV, A.A., OTYNBAY, D.O.

MEDIA EDUCATION AS A CONDITION FOR THE DEVELOPMENT OF MEDIACULTURE AND MEDIA SECURITY OF STUDENTS IN ONLINE EDUCATION SYSTEM

The article is devoted to the disclosure of the features and causes of the negative impact of gadgets on the mental development of the child. The author analyzes the factors determining the course of personality destructivity in the development of a child.

Key words: gadgets, Internet addiction, deformation of the child's personal development.

УДК 7.071.4

Турлубаева, Д.К.

педагогикалық білім магистрі, аға оқытушиы,
Ө.Сұлтангазин атындағы ҚМПУ,
Қостанай, Қазақстан

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНДА МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Түйін

Қостанай облысында музыкалық білімнің қалыптасуы Ұлы Отан соғысы кезінде музыкалық мектептің құрылудынан басталды. Музыкалық мектептің құру қажеттілігі келесі үрпақта мәдени мұраны берумен байланысты болды. Бүгінгі таңда біздің елімізде бүқаралық музыкалық білім беру жүйесі, ТМД-ның басқа да мемлекеттері сияқты, ең үздіктерінің бірі болып табылады. Техникалық прогресске қарамастан, музыкалық білім сұранысқа ие болып отыр, мұны музыкалық мектептерін толтыруы және оқуга түсү кезінде конкурс арқылы байқауға болады. Музыкалық білім әрқашан элиталық болған және бүгінде ол өте сұранысқа ие, қазір музыка мектебінде білім алу беделді болып саналады. Мектеп облыс орталығында бастауыш музыкалық білім беру саласында білім беру қызметтің жузеге асыратын жалғыз музыкалық мекеме болып табылады және еліміздегі ең көне оқу орындарының бірі болып табылады.

Кілт сөздер: музыкалық білім, балалар музыкалық мектебі, құрылу тарихы, мәдени мұра.

1 Кіріспе

Қазіргі уақытта Қазақстанның әлемдік қоғамдастық нарықтық экономикасы бар ел ретінде таниды. Тәуелсіздікті алған қысқа тарихи мерзім ішінде Қазақстан әлемдік қоғамдастықпен интеграциялана отырып, экономикада өсу тұрақтылығына қол жеткізді. Нарықтық қатынастарға көше отырып, қоғамның рухани-адамгершілік тоқырауын еңсеру, жалпы адамзаттық құндылықтарға бағдар беру бүгінгі таңда Қазақстанның барлық білім беру жүйесін түбебейлі қайта қарауды және жетілдіруді талап етеді. Осыған байланысты тұлғаның үйлесімді дамуына, музыкалық-эстетикалық талғамы мен қажеттіліктерін қалыптастыруға, тұлғаның рухани-адамгершілік қалыптасуына ықпал ететін музыкалық білім соңғы жылдары еліміздегі болып жатқан ауқымды қайта құрулардан тыс қала алмайды.

1841 жылы Бөкей Ордасында Жәнгір ханның жарлығы бойынша Қазақстанның зайырлы білім алуына бастау алған мектеп ашылды. Алғаш рет ән айту сабағын орыс-қазақ мектебінің міндетті пәні ретінде Ыбырай Алтынсарин енгізді. Ол музыкаға және әнге естуеліктеуге үйрету әдістемесін жетілдірді, оқыту барысында музыкалық аспаптарды қолдануға әрекет жасады, алғаш рет ән мәтіндерін жариялады, алғаш рет музыкалық жұмбактарды құрастырып, қолданды, көркем өнерпаздық ұйымдастырыды. Зайырлы мектептерде музыкалық тәрбие жетілмеген, себебі ғылыми әдістеме болған жоқ. Ы.Алтынсариннің қызметі музыкалық тәрбиені жүйелеуге бірінші тұрткі болды, өйткені ол музыкалық тәрбиенің мазмұны, мақсаттары мен міндеттері туралы дәстүрлі түсініктерді бұзды. Ы.Алтынсариннің қызметі музыка бойынша білім көлемін кеңейтуге ықпал етті. Социалистік қоғамда оқушыларды жан-жақты дамыту маңызды болды. Оқушылар халық композиторларының шығармаларымен танысуға мүмкіндік алды. Мектептерде хор ашу дәстүрге айналды. Бұл дәстүрді Ыбырай Алтынсарин құрды. Музыкалық білім беруді дамыту үшін Ыбырай Алтынсарин даланы рояльмен қамтамасыз етіп, сол кезеңде бір дауысты болған мектептерде хор ұйымдастырыды.

Қазақстанда музыкалық білімнің қалыптасуы мен дамуы, басқа одақтас республикалардағыдай, Орыс музыкалық білімнің дамуымен сәйкес келді. Бұл объективті тарихи, геосаяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени факторларға байланысты болды. Егер артқа

қарасаңыз, тәуелсіздік алғанға дейін Қазақстанда музикалық білімнің қалыптасуы тарихи, экономикалық, геосаяси факторларға байланысты ресейлік білім беру жүйесімен бірдей жүргізілгенін байқаймыз.

Музикалық білім беру тарихы адамзат өркениетінің бастауында пайда болады. Адамың өзіндік музикалық санасына негізделген музика белгілі бір қызмет түрі ретінде адамзатты өзінің дамуының барлық кезеңдерінде сүйемелдеді. Тиісінше, адамзат мәдениеті қалыптасуының бүкіл кезеңінде музикалық тәжірибелі кейінгі ұрпаққа жеткізу үдерісі де жүргізілді.

Әрбір халық өзінің мәдениеті мен өнерін жасайды, онда өзіндік қайталанбас ұлттық өмір мен тарих бейнеленеді. Үздіксіз білім берудің заманауи жүйесін халық тарихынан үздіксіз қарастыруға болмайды. Мәдениет пен өнер құбылыстарын зерттеудегі тарихи көзқарасты дұрыс бағаламау рухани өмірдің көптеген құбылыстарын дұрыс түсінбеуге әкеледі, қоғамдағы руханиятты қалыптастырудың негізгі факторлары – бұл әлеуметтік орта, адамдардың қоғамдағы қарым-қатынасы, тәрбиелеу. Рухани бай тұлғаны тәрбиелеу қоғамның мәдениетін жан-жақты дамытуға ықпал ететін тарихи фактілерді зерттеу және сақтау негізінде қалыптасады.

Білікті педагогикалық кадрларды даярлауы республикадағы өзекті мәселе болды. 1932 жылдың қыркүйегінде Алматыда музикалық – драма техникумы ашылды. Республикадағы музикалық білімнің қалыптасуын Ленинград музикалық ғылымдар институтының техникумына басшылық ету үшін қайтарылып алынған аспирант Ахмет Жубанов басқарды. Республика мектептері үшін ән айту мұғалімдерін дайындауы техникумының дирижерлік-хор бөлімінің міндетіне кірді.

2 Материалдар мен әдістер

Қазіргі уақытта музикалық білім Қостанай облысында кеңінен тараған. Музикалық мектептер облыстың барлық аудан орталықтары мен қалаларында ашылған, орта буынды Қостанай педагогикалық колледжі, Рудный музикалық колледжі ұсынады. Академик Ө.Сұлтангазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінде «Музикалық білім» білім беру бағдарламасы бойынша оқу ашылған.

Қостанай қаласының музикалық мектебі республикадағы ең көне, бай дәстүрлер мен тарихқа ие. Музикалық мектептің құрылуы Қостанай облысында барлық музикалық білім қалыптасуының бастауында тұрды. 2019 жылдың тамызында оның құрылғанына 77 жыл толды, осы жылдар бойы қаланың музикалық мектептерінің қабырғасынан 5000-нан астам оқушы шығарылды.

Қостанай қаласындағы балалар музикалық мектебі соғыс кезінде ашылды. Оны 1942 жылдың тамызында Украинадан көшірілген музыкантанушы, Харьков консерваториясының доценті Хинчук Вольф Израилевич өзінің табандылығы, энергиясы мен беделінің арқасында ашты. Ол музикалық мектебінің бірінші директоры болды. Бұл бастаманы Мәскеуден, Киевтен, Одессадан Е.М.Соболева, В.П.Бобковская, И.Г.Некрасова, Д.И.Полулях, В.И.Речная, Л.А.Шульц-Найденова атынан көшірілген интеллигенция қолдады. Алғаш рет фортепиано және скрипка сыныбы жұмыс істеді, 1945 жылдан бастап педагог Н.В.Малышев баян сыныбын ашты. 1956 жылы мектеп Советская көшесінен Таран көшесі 107 көшіп келді, онда 1976 жылға дейін 20 бойы жұмыс істеді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанда Мәскеуден, Ленинградтан, Киевтен және басқа қалалардан көшірілген музыкант-педагогтар аз болмады. Бұл республикадағы музикалық білім беру үшін қолайлы жағдай жасады. 1944 жылы Алматы мемлекеттік консерваториясы ашылды. Бұл музикалық мәдениеттің одан әрі дамуына ынталандыру болып табылады. Мұнда Ахмет Жұбанов, Евгений Брусиловский, Мұқан Төлебаев, Сыдық Мұхамеджанов, Құддус Кужамьяров, Фазиза Жұбанова, Еркеғали Рахмадиев сияқты атақты аттармен ұсынылған композиторлық мектеп қалыптасты. Консерваторияның педагогтары тек Қазақстандаған емес, шығармашылығында танылған және сұранысқа ие ірі концерті музиканттар болып табылады. Олардың қатарында көрнекті пианист Жәния Эубәкірова, атақты хормейстер Анатолий Молодов, әйгілі баритон Ермек Серкебаев, әйгілі әнші Бибігүл Төлегенова, «зо-

лотая труба» Юрий Клушкин, шебер домбырашы Қаршыга Ахмедъяров, халықаралық байқаулардың лауреаты скрипкашы Гаухар Мырзабекова, қазіргі заманғы композитор Еркеғали Рахмадиев және т.б. бар.

Мектеп құрылғаннан бергі онжылдықтың соңында 100-ге жуық оқушы болды. 1953 жылы Алматы консерваториясының түлегі Оразбеков Тлеубай Оразбекович алғашқы домбырашылар ансамблін ашты. Т.О.Оразбеков 1954 жылдың 1 шілдесінен бастап мектеп директоры болып тағайындалды. Сол 1953 жылы жоғары сыйнып оқушылардың бірінші хоры ұйымдастырылды.

Қазақстанда музикалық білімнің қалыптасуына кәсіби музикалық және көркем мәдениет әсер етті. Республиканың шығармашылық топтары орта мектептердің сенімді көмекшілері болды. Олардың бірлескен басты міндегі – оқушылардың көркемдік білімі мен эстетикалық-музыкалық білімін айтартықтай жақсарту.

1962 жылы Житомир қаласының музикалық училищесінің түлектері келді, олардың ішінде А.В.Заика, А.В.Заруба, И.В.Качалова, С.А.Заберезников. 1965 жылы музикалық мектепте оқушылар саны 700 адамнан асты. Соңдықтан 1966 жылы Қостанай қаласында Гоголь көшесі 70 ғимаратында екінші музикалық мектеп ашылады. 1968 жылдан бастап директор болып А.В.Заика тағайындалды. 1976 жылы №3 музикалық мектебі ашылды, осы уақытта Қостанайдың үш мектебінде шамамен 1400 оқушы білім алды. А.В.Заика директор лауазымында 47 жыл қызмет етті.

Музикалық мектеп бүкіл республикаға өзінің түлектерімен танымал. Музикалық мектептің ең атақты шығармашылық ұжымдары, скрипкашылар ансамблі – жетекшісі ҚР білім озаты, Қостанай облысы меценаттар клубының «Қазына» сыйлығының лауреаты Е.П.Тулупова; «Илигай» хор ұжымы-жетекшісі білім озаты, Қостанай облысы меценаттар клубының арнайы сыйлығының лауреаты Г.М. Гольдорф; жас музиканттар республикалық конкурстарының бірнеше мэрте лауреаты болған А.В. Зарубаның басшылығымен орыс халық аспаптар оркестрі болып табылады.

3, 4 Нәтижелер мен талқылау

Жас музиканттардың республикалық байқауларының бас жүлдесі: орыс халық аспаптар оркестрі жетек. А. Игошин және А. Заруба (9 рет бойы), Илигай хор ұжымы жетек. Г. Гольдорф (үш рет), скрипкашылар ансамблі жетек. Е. Тулупова (7 рет). 2015 жылы С. Шалыгин басшылығымен орыс халық аспаптар оркестрі Ресейді жеңіп, «Еуропа – Азия» солисттер, ансамбльдер мен халық аспаптар оркестрлерінің V Халықаралық фестиваль-конкурсында Бас жүлденің иегері атанды.

Тек 2014-2017 оқу жылдары ғана мектептің жас музиканттары 121 рет облыстық, 113 – республикалық және 108 рет – халықаралық орындаушылық конкурстардың лауреаттары мен дипломанттары болды, оның ішінде 22 Бас жүлде жеңіп алды.

2015 жылдан бастап музикалық мектепті педагогика ғылымдарының кандидаты Г.Б.Кучикова басқарады, оның жетекшілігімен мектептің бай дәстүрлерінің сабактастығы жалғасуда. Балаларға музикалық аспаптарда ойнауды үйрету дыбыстық түстердің жаңа әлемін ашады, аспаптың музикаға деген қызығушылықты оятады. Бірақ музика мектебінің міндеттері осымен шектелмейі керек. Ең бастысы – балаларға музикаға деген сүйіспеншілікті ояту, баланың музикалық қабілеттерін ашу, әр түрлі дәуірлердегі көркемдік толық музика негізінде оның ойөрісін кеңейту, эстетикалық жағынан жақсарту, концерттік залда тыңдарман болу, әуесқойлық қойылымдарына қатысу және ең дарындыларға – кәсіби білімін жағастыру.

Мектеп түлектері оқуын Қазақстандағы және шет елдердегі беделді университеттерде жағастыруда: Қазақ ұлттық өнер университетінде, Алматы консерваториясында, Мәскеу консерваториясында, Новосибирск консерваториясында, Южноуральск өнер институтында (Челябі қ.), Санкт-Петербург консерваториясында, РФ Қорғаныс Министрлігінің Мәскеу әскери дирижерлар институтында, Екатеринбург мемлекеттік консерваториясында.

БММ ұжымы қызметінің жоғары нәтижелілігі елде лайықты бағаланды. Қазақстан Республикасы Білім министрлігі және Өнер мектептері қауымдастыры музикалық тәрбиесіндегі ерекше жетістіктері үшін мектеп Алтын кубокпен марапатталды, ал 2003 жылы еліміздің үздік музикалық мектептерінің қатарына енді. 2013 ж. «Қазақстанның Ұлттық бизнес-рейтингімен» Қостанай қ. музикалық мектебі «Мәдениет саласындағы білім беру» номинациясында «Сала көшбасшысы 2013» деп танылды, 2015 ж. «Қазақстан Республикасының қосымша білім беру алтын қоры» республикалық энциклопедиясына енді.

БММ Қазақстанда танымал музикант, ҚР еңбек сінірген мәдениет қызметкері А.В. Заруба жұмыс істейді. Мектептің жеті оқытушысы Қаз. КСР немесе ҚР «Білім озаты» белгілерімен марапатталды: А.В.Заика, Г.М.Гольдорф, С.А.Заберезников, А.В.Заруба, А.Л.Игoshin, С.В.Семенова, Е.П.Тулупова. Жиырма алты ұстаз ҚР Білім және ғылым министрлігінің Грамоталарымен марапатталды. Қөптеген мұғалімдердің еңбегі Қостанай облысы Білім басқармасының және Облыстық кәсіподақ комитетінің, Қостанай қ. әкімінің және қалалық Білім бөлімінің Грамоталарымен марапатталған. Мектептің 6 ұстазы «Қазына» сыйлығының лауреаты атанды, 3 оқытушы Қостанай меценаттар клубының арнайы сыйлықтарымен марапатталды.

5 Қорытынды

Музикалық білімнің бір ерекшелігі оның екі негізгі саласының бір уақытта өмір сүруі мен дамуы: жалпы және қасиби. Бұл, бір жағынан, музикалық білім барлығын қамтуы керек: онсыз тұлғаның үйлесімді зияткерлік және адамгершілік дамуы мүмкін емес; екінші жағынан, музиканы мамандық ретінде игеру білімнің, іскерліктің және дағдылардың едәуір көлемін игеруді, сонымен қатар ерте мамандандыруды талап етеді. Қасиби музикалық білім берудің мазмұны мен нысандары оқытудың алғашқы кезеңдерінен бастап жалпы музикалық білім берудің мазмұны мен нысандарынан айтарлықтай ерекшеленеді.

Балалар музикалық мектептер алдына түрлі міндеттерді қояды:

- оқушыларды әлемдік музикалық өнер қазынасына қатыстыра отырып, жалпы музикалық оқыту, талғамын тәрбиелеу; музикалық аспапта ойнауды үйрету және оларға ең маңызды дағдылардың – құлақтың көмегімен ойнауды, транспозициялауды, парақтан оқығанды, ансамбльдерде ойнауды, женіл партияларды сүйемелдей білу;

- сонымен бірге музикалық колледждердегі ең дарынды оқушыларды даярлау. БММ жүйесі біздің елімізде музикалық мәдениеттің қалыптасуында өзінің қасиби жағынан да, бұқаралық аспектілерде де үлкен рөл атқарды және зор рөл атқаратындығын жалғастыруда деп айту керек.

Балалар музикалық мектебі – мектеп жасындағы балалар жалпы білім беретін мектептердегі сабактан бос уақытта қосымша бастапқы музикалық білім мен дағдыларды алатын музикалық оқу орны. Осындағы мекемелер тәуелсіз мекеме ретінде өмір сүре алады немесе негізгі мектеп құрылымына біріктірілуі мүмкін. Қазақстандағы музикалық мектептердің саны бойынша статистикалық деректер жоқ, тек мектептер санының қысқарып келе жатқан деректері ғана бар. Музикалық мектептер тақырыбындағы халықаралық қарым-қатынаста біз «балалар мектебі» туралы айтып отырғанымызды нақтылау керек, өйткені «мектеп» ұғымы (ағылш. school, неміс. Schule және т.б.) Қазақстанға қарағанда қөптеген елдерде кеңінен түсіндіріледі және консервативтіге дейін әр түрлі аса төмен деңгейді түсіндіруі мүмкін.

Музикалық мектептің педагогикалық ұжымы жоғары қасиби әлеуетке ие. Оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі басым бағыттар сапалы білім беру, отансүйгіштікке тәрбиелеу, болашақ үрпакты адамгершілік-эстетикалық тәрбиелеу.

Әдебиеттер тізімі

1 Қостанай облыстық тарихи-өлкетану мұражайы. Балалар музика мектебінің ғимараты [Электрондық ресурс]. Қолдану режимі: <http://www.kraeved-kst.kz>.

2 Дандыбаев Ф. Андрей Заика: Қостанай музикалық мектебі түлектерінің сөз сөйлеуі «космос» деп аталады [Электрондық ресурс]. Қолдану режимі: kstnews.kz.

З Мукашева А.А. Сметова А.В. Қазақстандағы Балалар музыка мектептерінің даму тарихы Электрондық ресурс // Қазұу Хабаршысы. Педагогикалық сериясы. – 2016. – Т. 43. – №3. Қолдану режимі: [https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/article/view/73>](https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/article/view/73).

Материал редакцияга түсті: 18.09.2019

ТУРЛУБАЕВА, Д.К.

СТАНОВЛЕНИЕ МУЗЫКАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Становление музыкального образования в Костанайской области началось с создания музыкальной школы во время Великой отечественной войны. Необходимость создания музыкальной школы обуславливалась передачей культурного наследия следующему поколению. На сегодняшний день система массового музыкального образования в нашей стране, как и других странах СНГ, является одной из лучших. Не смотря на технический прогресс музыкальное образование, остается востребованным, это можно наблюдать по наполняемости музыкальных школ и по конкурсу при зачислении в них. Музыкальное образование во все времена было элитарным, и на сегодняшний день очень востребовано, сейчас обучение в музыкальной школе считается престижным. Школа является единственным в областном центре музыкальным учреждением осуществляющим образовательную деятельность в сфере начального музыкального образования и является одним из старейших учебных заведений в стране.

Ключевые слова: музыкальное образование, детская музыкальная школа, история создания, культурное наследие.

TURLUBAYEVA, D.K.

FORMATION OF MUSIC EDUCATION IN KOSTANAY REGION

The formation of music education in Kostanay region began with the creation of a music school during the great Patriotic war. The need to create a music school was conditioned by the transfer of cultural heritage to the next generation. To date, the system of mass music education in our country, as well as other countries of the CIS, is one of the best. Despite the technological progress, music education remains in demand, it can be seen in the occupancy of music schools and the competition for admission to them. Music education has always been elite, and today is very popular, now training in a music school is considered prestigious. The school is the only music institution in the regional center that carries out educational activities in the field of primary music education and is one of the oldest educational institutions in the country.

Key words: music education, children's music school, history of creation, cultural heritage.

**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖУЗЕГЕ АСЫРУ
РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»**

ӘОЖ 14.23.01

Мукалиева, Б.Х.

*н.ғ. магистрі, мектепке дейінгі және бастауыш
білім беру кафедрасының аға оқытушысы
Рысбек, Н.*

*«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеге»
білім беру бағдарламасының 4 курс студенті,
Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ,
Қостанай, Қазақстан*

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢАРУДАҒЫ РӨЛІ

Түйін

*Мақалада Жаңа бағдарлама талабы жаса үрпақтың тәрбиесіне білім-
ді жүйелі турде жетілдіре беру туралы зерттелген мәлімет берілді. Жаңа-
ша оқыту оқушылардың жасампаз және ерекше болуга көркем туындылар
жасаі білуге, өз қалауды бойынша білім алуға, оны өз бетінше дамытуға,
яғни нақты бейімділігі мен қызығын, денсаулығын, білімін, қабілеттін еске
ала отырып білім беру.*

***Кілт сөздер:** білім беру жүйесі, оқытуудың жаңа технологиялары, бі-
лім беру туралы зерттелген мәлімет берілді.*

1 Кіріспе

Біздің елімізде жаңа ғасыр алдында оқытуудың жаңа жүйесі қалыптасуда, ертеңгі күнге бағытталған рухани жаңарудың іргетасы қалануда.

«Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және адамды қалыптастыруға және кәсіби шындарға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытуудың жаңа технологияларын енгізу; білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық жели-лерге шығу» деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген.

Осылың барлығы Қазақстанның халықаралық аренада жоғары беделге ие болғанын және саясатымыздың дұрыстығын көрсетеді. Елбасымыз өз жолдауында елімізде орын алған маңызды оқиғаларға шолу жасап, Мәңгілік елдің жаңа жоспарымен бөлісті. Бұл жоспарда Қазақстанның Үшінші жаңғыруы – елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндетке қойылды.

Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, бүкіл халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттыру қажет, сол жағдайда ғана табысқа жетуге мүмкіндік туады.

Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл дегеніміз тек материалдық өнім ғана емес, сонымен қатар, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы енбек ресурстары болуы мүмкін.

Ұлттымыздың болашақта табысты да, бәсекеге лайықты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сол себепті, әрбір қазақстандық, XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттар болып саналады.

Елбасының «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтқандай, біздің еліміздің кез келген азаматы біліміне сәйкес білікті мамандық алғып, әлем елдерінің талабына сай сұранысқа ие болатын деңгейге жеткенде ғана, елімізде жасалып

жатқан білім беру реформасының жетістікке жеткенінің күесі бола аламыз. Сондықтан, елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Біздің ұлттың бәсекелестікке қабілеттілік деңгейі оның білімінде» деген сөздерін естен шығармауымыз керек.

Білім адамның дүниені тану процесін қалыптастырады.

2 Материалдар мен әдістер

Жүйелі біліммен іс-әрекет тәсілдерін игеру, дағды, іскерлікті дамыту арқылы жеке тұлғаны қалыптастыра аламыз.

Қазақ бай мәдени мұрасы бар халық. Еңбек болмаса қоғамдық прогрессте болмас еді. Адам өмірі ұзақ жылдар бойы қалыптастан еңбек жолының дамуы үлкен қуанышқа әкелді. Сол еңбектің нәтижесінде өзін-өзі қорғайтын құралдар жасап, оны пайдалану арқылы қоғамға ірі-ірі өзгөрістер жасады. Бүгінгі адамзат ие болып отырған игіліктің бәрі ғасырдан-ғасырға ұласып келе жатқан ұрпақтар еңбегінің нәтижесі.

Адам қоғамының даму процесінде бір-бірімен байланысты миллиондаған қарым-қатынастар қалыптасып, жаңарып, ескіріп жатады. Бұл обьективтік диалектикалық процесс. Осы процесті реттеп басқару барысында қоғамдағы құқық бірнеше салаға, жүйеге бөлініп жатады. Сол салалардың бірі – ҚР білім жүйесі.

Жаңартылған мазмұнның мәні тек білу емес, сонымен катар, білімді өмірде қолдана білу» – баяндамасында жаңа бағдарламаның өзектілігін нақты түсіндірген.

Жаңа бағдарлама – осындай өнер адам баласының қабілетін танып қоймай, оған «қалай жетті» – деген сұраққа жауап іздең, адаптациялықпен, ізденумен, біліммен қол жеткізгендерін ашып көрсеткен. Тұлғалардың мол тәрбиелік, білімділік әдістердің кеңінен қарастырылған. Бүгінгі мақсат – өздерінен бұрынғы өмір сүрген аға буынның тәрбие мәселесіндегі жинақталған бай тәжірибелесіне сүйене отырып, келер ұрпақты өнер-білімге баулу, өмірге, белгілі бір кәсіпке бейімдеуге бағытталған. Осы мақсатқа жету үшін оқушылардың білімдерін жеке тексеріп, нәтижесіне баға қоюды алып тасталды. Күнтізбелік жоспарда оқушылар үшін өз бетімен жұмысқа, ізденуге, шығармашылыққа арналып құрастырылған.

3, 4 Нәтижелер және талқылау

Жаңартылған бағдарламаның басты ерекшелігі оқушыларға еркіндік беріліп, асықпай ойлануға, ізденуге үлкен мүмкіндік берілп, шығармашылықпен шұғылданып, нәтижесі тоқсан аяғында балдық жүйеде немесе көрмеде көрсетілуі өте дұрыс, құптарлық жайт. Сонда оқушыға сыртқы стимулдық әрекеттер әсерінен, ішкі мотивациялық қуаттарының мүмкіндіктерін толық пайдаланып, өзін-өзі қабілеттімен ортага танытып, ашылып, сенім күші пайда болады.

«Тәрбиеленіп жүрген балалардың саналы ойлау қабілеттерін ашу арқылы, қандай да қындығы мол сәттерді бала өзінің ерік жігерімен шешүге тырысса, кез келген тәрбие тәлімінің мазмұны да мәнді болып шығары анық. Осыдан келіп баланың еркін ойлауы мен өзі шешім қабылдай білуге талпыныстарынан басталады. Бұл нағыз тәрбие жетістіктері деген осы». Расында да оқушылардың саналы ойлау қабілетін ашу ең маңызды мәселе, шешуші тұтқа болуы керек.

Берілетін білім саласының басты құралы – оқулық. Қазіргі оқулықтар бүгінгі күнде: «Өз ісімен – үлгі, жүрісі мен тұрысы – өнеге, сөзімен – қазына» – халқымызға белгілі персенттерінің еңбектері берілген. Сол арқылы «Болмасаң да – үқсап бақ, бір ғалымды көрсөніз», «Сенде бір кірпіш дүниеде, кетігін тап та бар қалан» – деген ұлттымыздың философы Абай Құнанбаев бабамыздың аманатын орындауда.

Қазақ ертеден-ақ тым еркінсітпей ұрпағын өнерге, шеберлікке жетелеген. Бүгінгі рухани жаңғыру дегеніміз – кешегі өткен бабаларымыздың, яғни Әл-Фарабидің даналығын, Абайдың философиялық ойларын, Махамбеттің батырлығын, атақты қазақ педагогы Ыбырай Алтынсариннің балаларды тәрбиелеу мен оқыту ісін үйрету арқылы бүгінгі жас ұрпаққа, ұлттық сана қалыптастыру. Әлемді жайлайған жаһандану процесіне ұлттының салт-дәстүрін, өнерін, тарихын, құндылығын бойына сіңірген білімді әрі мәдениетті ұрпақ қана қарсы тұрып, бәсекеге лайықты болатындығын ескертіп, аға буынға жол көрсетіп, осы бағытта жұмыс істеп тәрбиелеуге міндеттейді.

5 Қорытынды

Бүгінгі «Жаңартылған білім бағдарламасы» – қазақ даласының алғашқы халық педагогының оқыту әдісі негізінде құрастырылған. Берілетін білім саласының басты құралы – оқулық, «Көркем еңбек» оқулығы үкімет қабылдаған мемлекеттік мақсатты бағдарламаға сай келуі, мазмұны ұлттық нақышта көркемделіп бейнеленген.

Ұлы ағартушы ІІ. Алтынсарин шағын шығармалары «Еңбек» тақырыбына арнап, кәсіпке бейімдеген. Ыбырай Алтынсаринды оқи отырып оның мектебінде бірінші сабакта «Колөнер» сабагын өткізіп жасалған бұйымды келесі математика, география, орыс тілдері сабактарына көрнекілік есебінде қолданылған.

Ыбырай Алтынсарин оқыту әдісінің бірі – практиканы теориямен ұштастыра отырып бұйымды кәдеге жаратып, оқушыларға білімді беруге емес алуға дағдыландыруында. Ыбырай бабамыздың енбектерінің күн өткен сайын қажет екендігін ұғынып, уақыт өткен сайын құндануының құндылығы осында.

ҚР Білім және ғылым министрлігі талабы бойынша ІІ. Алтынсарин атындағы Қазак білім академиясы қазіргі таңда дамыған елдерде кең қолданып жүрген ақпараттық және телекоммуникациялық технологияға байланысты жаңа технологиялық революция басталғанын ескеріп, адамдар алдына қойылатын жана міндет: шешім қабылдай білуді және шығармашылық жұмыстарды орындай алушы қалыптастыруды талап етуде.

Саналы да сапалы білім берсең, онда біздің елімізде білікті де білімді мамандар, бәсекеге қабілетті азаматтар арта түседі. Болашақтың кілті – жан-жақты дамыған, білімді, бәсекеге қабілетті ұрпақ қолында. Ал сол ұрпақты қалыптастыру мына біз мұғалімдердің қолында.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Эбенбаев С. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. – Астана: Фолиант. – 2017. – 312 б.
- 2 Дүйсенбаев А. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. – Астана: Фолиант, 2015. – 320 б.
- 3 Есқалиев С. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. – Астана: Фолиант, 2014. – 192 б.
- 4 «Білімді ел», «Образованная страна» – Республикалық газеті. – 2019. – №36.
- 5 Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: учебное пособие: 4-е изд., доп. – Алматы, 2010. – С. 8-9.

Материал редакцияга түсті: 13.09.2019

МУКАЛИЕВА, Б.Х., РЫСБЕК, Н.

ДУХОВНОЕ ВОЗРОЖДЕНИЕ И РОЛЬ ОБРАЗОВАНИЯ В МОДЕРНИЗАЦИИ

В статье дана изученная информация о том, что требования новой программы позволяют систематически совершенствовать знания в воспитании молодого поколения. Новое обучение дает умение создавать художественные произведения, создавать художественные произведения, получать знания по своему усмотрению, развивать его самостоятельно, напоминая о реальных склонностях и увлечениях, здоровье, знания, способности.

Ключевые слова: система образования, новые технологии в образовании, информация об образовании.

MUKALIEVA, B.H., RYSBEK, N.

SPIRITUAL REVIVAL AND THE ROLE OF EDUCATION IN MODERNIZATION

In the article the studied information was given that the requirements of the new program allow to systematically improve knowledge in the education of the younger generation. The new training gives the ability to create works of art, to create works of art, to gain knowledge on your own, to develop it yourself, Recalling the real inclinations and Hobbies, health, knowledge, abilities.

Key words: education system, new technologies in education, information about education.

МЕРЕЙТОЙЛЫҚ ҚҰТТЫҚТАУЛАР ЮБИЛЕЙНЫЕ ПОЗДРАВЛЕНИЯ

ЕРКІН АМАНЖОЛҰЛЫ – 50 ЖАСТА! ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Қазақстан тарихы ғылымында өзіндік орны қалыптасқан, республикамызға белгілі ғалым, білікті басшы Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Еркін Әбіл 2019 жылдың 4 қыркүйегінде 50 жасқа толды.

Ердің жасы елуді еңсергенге дейін ол кісі Отан тарихының келелі мәселелерін зерделеген, ғылыми еңбектері арқылы ғылыми ортаға танымал ғалымға айналып үлгерді. Еркін Аманжолұлы – ұйымдастырушылық, педагогтік, қоғамдық қызметті ғылыммен шебер үштасыра білген үлкен ғалым. Қунделікті қат-қабат әкімшілік жұмыстар мен қым-қуыт қыруар тірліктің қайнаған ортасында жүрседе бойына біткен ізденгіштік, еңбеккорлық қасиеттерінің арқасында бір сәт те ғылымнан қол үзген емес. Ол 200-ге тарта ғылыми, ғылыми-әдістемелік, ғылыми-көпшілікке арналған еңбектердің, оның ішінде 20 монография, 26 оқулық пен оқу құралдарының авторы. Қазақстан жоғары оқу орындарының 2014 жылғы «Үздік оқытушысы» грантының иегері.

Еркін Аманжолұлы Әбіл 1969 жылы 4 қыркүйекте Қостанай облысы, Мендіқара ауданы, Ұзынағаш ауылында зиялыштар отбасында дүниеге келді. Болашақ ғалым мектеп қабырғасында жүрген кезден бастап тарих пәніне құштар болды. Соның ішінде айта кететіні – ол мектеп қабырғасынан-ақ археологиялық қазба жұмыстарына қатыса бастады. Тарихқа деген қызығушылығы ерте оянған ол алдына үлкен мақсат қоя білді.

1992 жылы Е.А. Бекетов атындағы Караганды мемлекеттік университетінің тарих факультетін үздік бітіреді. Сонын ҚР Ішкі істер министрлігінің Қостанай Заң академиясында кафедра және курс менгерушісі болып қызмет атқарды. 1996 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде болашақ ғалым 26 жасында кандидаттық, ал, 39 жасында Е.А. Бекетов атындағы Караганды мемлекеттік университеті жанындағы диссертациялық Кенесінде докторлық диссертациясын қорғады.

Оның ғылыми зерттеулері такырыбының өзектілігімен, ғылыми жаңалығының өміршендігімен, ұсыныстары мен тұжырымдамаларының маңыздылығымен, қорытындыларының терендігімен ерекшеленді. Ол, ежелгі және ортағасырлардағы этникалық, саяси, құқықтық жүйе және сонымен қатар тарихтың теориясы мен әдіснамасымен айналысады.

Бүгінгі күні Республикалық шетелдердегі ұйымдастырылып, өткізіліп келе жатқан ғылыми конференцияларға қатысып, баяндама жасайды. Ол Е.А. Бекетов атындағы Караганды мемлекеттік университетіндегі «тарих ғылымдарының докторы» ғылыми дәрежесін қорғайтын диссертациялық кеңестің мүшесі болып, ғалым-тарихшылар дайындау ісіне де атсалысты.

Еркін Әбіл – Қазақстанда жоғары білім беру ісін ұйымдастырушы ретінде Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетіне айналуына өзінің қарым-қабілетін жұмсай білді. Сонымен қатар облыстық мәслихат депутаты, «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалының білім беру жөніндегі қоғамдық кеңесінің, Қазақстан халқы облыстық Ассамблеясының ғылыми сараптамалық тобының, облыстық діни істер басқармасының сараптамалық тобының және Қостанай облысының жастарды қолдау және дамыту тобының мүшесі ретінде сан-салалы жұмыс атқарып еліміздің өркендеуіне өз үлесін қосып келеді.

Бүгінгі күні ердің жасы 50-ге келген белгілі ғалым, өнегелі ұстаз, білікті басшыны осы мерейтойымен құттықтаپ, қажымақ қайрат, ұзак өмір, шығармашылық табыс, отбасына бақ-береке тілейміз.

Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ұжымы

ӨМІРЗАҚ СҮЛТАНГАЗИНДІ ЕСКЕ АЛУ

*Серікбай Оспанұлы,
Халықаралық Алаш әдеби сыйлығының лауреаты*

Өмірзақ Сұлтангазин

Өмекен қарсы жүзді ағысқа да,
Жақынға, құлаш ұрды алысқа да!
Ғарышқа қызмет етті дарын ғалым,
Есімі жүрген болар ғарышта да!

Өмірзақ – ұмытылмас дара тұлға,
Өмірзақ – тірілердің санатында.
Арманы, мақсат-мұдде, озық ойы
Әр ұшқан зымыранның қанатында.

Қазақтың ұлан-ғайыр кең жерінде,
Әлемнің білім қуған елдерінде,
Шәкірттер жүрегінде, тілегінде,
Ғұлама ғалымдардың еңбегінде!

Болған жоқ еткен ісі бағаланып,
Айтылар алда талай сараланып.
Өмірзақ Сұлтангазин – ел есінде,
Шыңында өзі шыққан қалары анық!

Өлмейді бұл даланың даналары,
Таралған бар әлемге,
Таралады!
Бүгінгі білім қуған әр студент –
Өмірзақ Сұлтангазин балалары!

Тылсымға, тіл бітіріп алаптарға,
Жеткізді елді талай ғажаптарға.
Өмірзақ Сұлтангазин аты өшпейді
Өмірде жер бетінде қазақ барда!

БІЗДІҢ АВТОРЛАР

- Агеева, С.В.** – дene шынықтыру, спорт және туризм теориясы кафедрасының аға оқытушысы, Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.
- Ақанбаев, Б.Н.** – психология және педагогика магистрі, педагогика кафедрасының оқытушысы, Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.
- Ақанов, Ш.К.** – дene шынықтыру дайындығының оқу тәрбие орталығының аға оқытушысы, Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.
- Анастасова, Л.** – PhD докторы, профессор, маркетинг кафедрасының директоры, бизнес-зерттеулер орталығы, Бургас Еркін университеті, Бургас, Болгария.
- Байжанова, С.А.** – педагогикалық ғылымдар кандидаты, мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасының профессоры, Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.
- Балгабаева, Г.З.** – тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.
- Бекенова, А.Қ.** – гуманитарлық ғылымдар магистрі, педагогика кафедрасының оқытушысы, Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.
- Бондаренко, О.Ю.** – мәдениеттану ғылымдарының кандидаты, «Edstories» (Франция – Ресей) байланыс тобының жетекшісі, Обнинск, Ресей.
- Бондаренко, Ю.Я.** – философия ғылымдарының кандидаты, профессор, А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, Қостанай, Қазақстан.
